

X Международная НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

**5-10
февраля**



НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ВЫЗОВЫ XXI ВЕКА



Нур-Султан, Казахстан



**ОБЪЕДИНЕНИЕ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ В ФОРМЕ
АССОЦИАЦИИ «ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ДВИЖЕНИЕ «БОБЕК»
КОНГРЕСС УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА**



«SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD:
CHALLENGES OF THE XXI CENTURY»

атты X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
ЖИНАҒЫ

МАТЕРИАЛЫ

X Международной научно-практической
конференции
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ:
ВЫЗОВЫ XXI века»

9. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

II ТОМ



НҰР-СҰЛТАН – 2022





ӘӘЖ 811,512.122

«ДЕРМЕНЕ» ПОВЕСІНДЕ ҰЛТ БЕЙНЕСІН КӨРСЕТЕТІН ТҰРАҚТЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Чалтикенова Лазат Аляхиметовна

ф.ғ.к., І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Аннотация: Мақалада Дулат Исабековтың «Дермене» повесіндегі қолданылған тілдік бірліктер, тілдік деректерді ұлттық, этнолингвистикалық сипатта зерделеу және тұрақты теңеулердің жасалу жолдарын нақты мысалдармен талдап көрсету.

Түйін сөздер: Ұлттық рух, болмыс, этнолингвистика, тұрақты теңеу, менталитет, лексика-семантикалық, фразеологизм, контекст, жұрнақ, жалғау.

Д.Исабековтың «Дермене» повесі автордың ең таңдаулы шығармасының бірі деп білеміз. Оның көркем тілі, тәрбиелік мәні зор, өйткені шығармада ұлттың болмысын, мінезін, рухын, менталитетін ашып көрсете алған. Біз мақаламызда осы шығармада кездесетін тұрақты теңеулердің жасалу жолдарына, олардың қолданылу ерекшеліктеріне тоқталмақпыз. Қазақ тіл білімінде теңеу көркем шығарманың бүкіл ұлттық болмысын ашады. Қазақ теңеулерінің ең қомақты лексико-семантикалық топтарының бір саласы – тұрақты теңеулер.

Тұрақты теңеулер тіл лексикасының фразеология категориясының құрамына кіреді. М.Балақаев, Е. Жанпейісов. М. Томанов тұрақты тіркестерге мынадай тұжырымдама береді: «Фразеологизмдер өздерінің бейнелі құрылысы жағынан да әр алуан болып келеді. Онда тұрақты эпитет, тұрақты теңеу, тұрақты әсірелеу сияқты поэтикалық тіл үлгілерінің бәрі де бар». «Дермене» повесінде фразеологизмдер мен теңеулерді оңай шатастырып алуға болады. Бірақ сөйлемде кейбір фразеологизмдер контекстік теңеу қызметін атқарса, кейбір тұрақты теңеулер тілге сіңіп, тұрақты тіркеске айналған. Мысалы: Құмырсқадай қыбырлап жүріп, осыны немереңіз екеуіңіз үш күн олар едіңіз [1, 284]. Бұл фразеологизм –дай теңеу жасайтын жұрнағы арқылы кезінде құмырсқаға теңеуден шыққанымен, халық тіліне сіңісіп тұрақты тіркеске айналып кеткен. – Сіз мына дерменені көзге ұрмайтындай етіп жайып тастаңыз [1, 284]. «Көзге ұру» қазақ тілінің тұрақты тіркесі. Бірақ оған –ма болымсыз етістігі жалғанып, –дай тұрақты теңеу жасайтын жұрнақ жалғанып контексте теңеудің қызметін атқарып тұр. Екі иығына екі кісі малдас құрып отырардай арбиған неме екен, осы бетімен ішке кірмек болса шайланы мойнына іліп кететін түрі бар [1, 284]. «Малдас құрып отыру» қазақ тілінің тұрақты тіркесі. Бірақ сөйлемде бұл фразеологизм отырардай сөзімен тіркесе келіп теңеудің қызметін атқарып тұр. Қазақ тіл білімінде теңеулердің мынадай жасалу жолдары берілген:

1.-дай, -дей,-тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтары арқылы. Мысалы: Қарт немересінің қарсылық білдіргеніне қарамастан, оның мойнын өзіне күштеп бұрды да, басын қыса құшақтап тұрып, көз ілеспес жылдамдықпен таңдайына ағаш қасықтың сабындай ұзын саусағын сүңгітіп алды [1, 278]. Сөйлемде қасықтың сабындай (ұзын) тұрақты теңеуі –дай жұрнағы арқылы жасалып, сөйлемде адам саусағының ұзындығын білдіріп тұр. – Ештеңе етпейді, дермененің шіресі ғой. – Сөйтті де жоғарғы ұшы байлаулы болғандықтан ғана құламай қалған шарты сабан қалпақтай лақтырып жіберіп, үсті-басын қағып бой түзеді [1, 278]. Сөйлемде сабан қалпақтай (жеңіл) тұрақты теңеуі – тай жұрнағы арқылы жасалып, сөйлемде шарты сабанның жеңілділігіне теңеп, заттың салмағын білдіріп тұр.

– Мәс-саған ендеше! – ол қуыс құлақ күректей алақанымен оның бетінен салып жіберді [1, 291]. Сөйлемде күректей алақанымен (үлкен) тұрақты теңеуі –тей жұрнағы





арқылы жасалып, сөйлемде адам алақанын күректің көлеміне теңеп, заттың көлемін білдіріп тұр. – Балам-ау, түйедей (үлкен) нәрсені қалай байқамағансың, мә, бәрін де қайтарып бер, кісі ақысының сұрауы жаман болады [1, 275]. Сөйлемде түйедей (үлкен) тұрақты теңеуі –дей жұрнағы арқылы жасалып, сөйлемде заттың көлемін түйе көлеміне теңеп, заттың көлемін білдіріп тұр.

2. –ша, –ше жұрнақтары арқылы;

3. Шығыс септік жалғауы арқылы;

4. секілді, іспетті, тәрізді, сияқты сөздері арқылы. Мысалы:

Көктемде жер айдауға шыққан трактор секілді, шайланы басына көтеріп барады [1, 285]. Сөйлемде **трактор секілді** (шулы) тұрақты теңеуі **секілді** сөзі арқылы жасалып, сөйлемде Омаштың ұйқысын трактордың даусына теңеп тұр

Бала деген де арнада өсер құрақ секілді, сәл көзден таса болса, есейіп, естияр боп қалады екен [1, 303]. Сөйлемде **құрақ секілді** (жылдам, тез) тұрақты теңеуі **секілді** сөзі арқылы жасалып, сөйлемде баланың өсуін су жиегінде өсетін қамыс тәрізді құрақ деген шөпке теңеп тұр.

Сонау мұнар таудың ар жағынан тең бөлінген пәтір нан тәрізді жартылай көтеріліп қатты [1, 279]. Сөйлемде **пәтір нан тәрізді** (үлкею, көтерілу) тұрақты теңеуі **тәрізді** сөзі арқылы жасалып, сөйлемде дермене үйілген төмпешіктердің тау-тау болып үйіліп, үлкеюін ашыған нанның үлкеюіне теңеп тұр.

5. «тең» сөзі арқылы;

6. «ұқсас» сөзі арқылы;

7. параллелизм тәсілі арқылы;

8. аралас тәсіл : бейне + -дай, -дей; бейне және секілді сөздері арқылы;

9. «бейне» сөз арқылы;

10. қосалық сөздер арқылы;

Қазақ тілінде теңеулерді зерттеген ғалым Т. Қоңыров «Бұлардың ішінде ең көп кездесетіні – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары. Бүкіл қазақ теңеулерінің 70 пайыздан астамы осы тәсіл арқылы дүниеге келеді», -деп тұжырымдаған [2, 15]. Д.Исабековтың «Дермене» повесінде де теңеулер – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған. Повесте жұрнақтардың кездесуі:

-дай	-тай	-дей	-тей
68	17	48	8

Қазақ халқы ертеден мал бағып, көшіп коньп жүрген халық. Олар ат қою, еркелету, теңеу сияқты әдет-ғұрыптар, жөн-жоралғылардың біразын өздері бағып-қағып жүрген төрт түлікпен байланыстырады. Дулат Исабековтың «Дермене» повесінде төрт түлік малмен қатар жан-жануарға қатысты, жәндіктерге қатысты тұрақты теңеулер жиі кездеседі. Мысалы:

Бәлкім бұл адам баласының қартайған шағында сәбидей кінәмшіл болатындығынан шығар, бәлкім, ұлының артында қалған әкенің қырық жасау көңілі жетім ботаның көңіліндей әрі нас, жалтақ болатындығынан шығар, әйтуір жасаағы жегіттердің сөзі оның жүрегін тағы тістелеп өтті [1, 277].

«Жетім ботаның көңіліндей» деген теңеу –дей жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалып тұр. Автор теңеуді баласынан айырылған қартқа байланысты қолданған. Контексте теңеу жалғыз қалған ботадай қорқақ, секемшіл, көңілшек, ренжігіш деген мағынада айтылады.

Жұрт дем алғанда ғана қорылдаушы еді, бұл бар болғыр дем шығарғанда көкірегіне ит байлап қойғандай ырылдайды екен [1, 285].





«Ит байлап қойғандай» теңеуі етістікке –дай жұрнағы жалғану арқылы жасалып тұр. Жазушы байланған иттің ырылын қорылдаған Омаш дауысына теңейді. *Шалдың қызыл шырайлы жүзі сүлік сорғандай бозарып, ернінен күлкі қапты* [1, 309].

«Сүлік сорғандай» теңеуі –дай жұрнағының етістікке жалғануы арқылы жасалып тұр. Повесте теңеу адамның келбет түсінің қансыз, бозғылт тартқанын сипаттап тұр. Сүлік қан соратын жәндік болғандықтан автор оны кейіпкер бейнесін суреттеуде ұтымды қолданған.

Аюдай ақырып тұрған неменің көн құлағынан сөз өте ме, тыңдай қоя ма айтқаныңды! [1, 284]

«Аюдай ақырып» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Көркем шығармада Омашты аюға теңеуде қолданылған.

Жусанды даладағы өрмекшінің торындай қым-қуыт сүрлеу жолмен ойпаңдағы ауылға құлаған мың сан тұяқтан көтерілген шаң күндізгідей аспан қуалап кетпей тандырдан жаңа шыққан нандай ыстық жер мен қоңыржай ауаның арасында еңсесі басылып, жусан басын сипай ұшып, қойнау-қойнауы кеулеп, жайлап жылжып барады [1, 285].

«Өрмекшінің торындай» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғану арқылы жасалған. Д.Исабеков тар жолды өрмекшінің торына теңеп оны құлдыратып, әсерлейтін тұр.

Күні бойы дермене орғанымен тұрмай сонау етектегі дүкенге де тайдай жұмсап отырған жоқпыз ба ? [1, 274]

«Тайдай жұмсап» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Ергешбайды жас бала деп дерменешілердің жұмсауын жазушы тайды жүгірткенге теңейді.

Омаш отын арасындағы кепкен құрайдан қасық сабындай таяқша сындырып алды да, құрайдан қолым таза деп ойлады ма екен, бір ұшын шірелі алақанымен сүйкеп табақтағы ақ, сарысы бөлк-бөлек боп шіңілдеп тұрған уызды араластырып-араластырып жібергенде, ол ұяда жатқан балапанның аузындай сап-сары боп шыға келеді [1, 287].

«Балапанның аузындай» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Бұл сөйлемде жазушы балапан аузының сарылығы мен құймақтың сарылығын ұқсатып, теңеп тұр.

Өздері түйедей, сөздері сүйемдей екен ғой [1, 277].

«Түйедей» теңеуі –дей жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Қаламгер дерменеші жігіттерді түйеге теңеу арқылы, олардың зор денелі, алып, үлкен екенін айтқан.

Шайла үстін жапқан кеурек пен құрайлар арасында кесіртке жүргендей шытыр-шытыр етіп басылып жатыр [1, 280].

«Кесіртке жүргендей» теңеуі –дей жұрнағының етістікке жалғануы арқылы жасалған. Кесіртке шөлде де, шөпте де жүретін жәндік. Ол шөп арасында жүргенде шөпті шытырлатып ақырын ғана дыбыс шығарып жүреді. Автор сол дыбыс пен адамның жүргенін ұқсатып теңеумен сипаттаған.

Адамның ойы ұры деген ып-рас екен-ау, аш жыланның тіліндей сумаң-сумаң етіп, қайдағы жоқ қуыс-қуысты тіптікілеп алып жөнеледі [1, 296].

«Жыланның тіліндей» теңеуі –дей жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Жылан тілі мен адам ойын теңеу расымен ойға келмейтін дүние. Бірақ автор оларды ұтымды ұқсатып, теңей біледі.

Өсімдікке байланысты теңеулер. Қазақ халқында затты тек жан-жануарға ғана емес өсімдіктерге де теңеу көп кездеседі. Қазақ қызды гүлге, жеміске теңеп жатса, ер баланы ағашқа теңеп жатады. Өсімдікке байланысты теңеулер тіл білімін зерттеп жүрген ғалымдардың да қызығушылығын тудыруда. Мәселен, Ш.Б.Сейітова жазған кандидаттық диссертациясының авторефератында өсімдіктерге қатысты тұрақты теңеулер жайлы былай дейді: «Өсімдіктерге байланысты 1200 тұрақты теңеу қалыптасқан». Бірақ, Б.Қалиұлы «Тіл



білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін» мақалалар жинағында «Өсімдіктерге қатысты тұрақты теңеулер» тақырыбында ғылыми мақаласында Ш.Б.Сейітованың теңеулерінің барлығы тұрақты теңеу емес, сондай-ақ, мақал мәтелдер, сөз тіркесі де кіріп кеткен деп пікір айтады [3, 43].

Д.Исабековтың «Дермене» повесінде өсімдікке теңеу

«Дермене» повесінен мысал	Контексттегі мағынасы	Өсімдіктің лексикалық мағынасы
<i>Жеті түнде мас боп келсе апишымызды бидайдай қуырып, немеремнің жүрегiнiң отын алады-ау [1, 283].</i>	Жаналқымға алды, қысты	Бидай – астық тұқымдасқа жататын, ең мағызды тағамдық дақыл [4, 130].
<i>Сөйтті де жоғары ұшы байлаулы болғандықтан ғана құламай қалған шарттақты сабан қалнақтай лақтырып жіберіп, үсті-басын қағып бой түзеді [1, 278].</i>	Оп-онай, жеңіл	Сабан – дәнді-дақылдары бастырылып, дәні алынғаннан кейін қалған сабағы [4, 695].
<i>Күн қызғаниша сайрандап қалғысы келген бозторғайлар бір түйір жасымықтай боп сонау-сонау көз ұшында дір-дір етеді [1, 279].</i>	Кішкентай болып	Жасымық – бұршақ тұқымдас, құрамында белогы ккп шөп тектес өсімдік. Тамаққа оның діндері пайдаланылады [4, 270].
<i>Солдай етейін деп еткен жоқ, табиғаттың адаммен бірге жаратқан қасиеті кезегі келгенде өзінен-өзі оянып, көктемде тасты тесіп өскен гүлдей сүйекті жарып шықты [1, 298].</i>	Мықты, бой бермей	Тасты тесіп өсетін гүл – бұндай гүлдер көбіне таулы жерлерде өседі. Олар шыдамды гүлдер қатарына жатады.
<i>Бұл жолы кәрі емендей тұлғасы шыбықтай иіліп, еңгезердей жігіттің айтқанына құлдық ұрып, құрдай жорғалады [1, 293].</i>	Үлкен әрі қартайған	Емен – шамшат тұқымдасына жататын, көпжылдық, бұтақты жуан ағаш [4, 224].
<i>Бала деген де арнада өсер құрақ секілді, сәл көзден таса болса, есейіп, естияр боп қалады екен [1, 303].</i>	Жылдам, тез	Құрақ – су жиегіне жайқалып өсетін балауса шөп; жас қамыс [4, 544].

Қорыта келе, автор повесте –дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған, және тәрізді, секілді сөздері арқылы жасалған теңеулерді қолданған. Жазушы заттар мен құбылыстарды, іс-әрекет пен қозғалысты қазақтың ұлттық менталитетіне сай заттарға теңеген. Ол кейіпкерлердің іс-әрекетін, бейнесін қазақтың тұрмысымен байланысты жан-жануарларға, жәндіктерге, төрт түлік малға, өсімдіктерге және т.б. заттарға теңей отырып, повестке этностық сипат берген. Повестегі теңеулер лексикалық мағынасы ұлттық ерекшеліктерге тұнып тұр. Теңеулерді талдай отырып, олардың қазақ халқының шаруашылығымен, ырым-тыйымдарымен, салт-санасымен, ұлттық мінезбен, әдет-ғұрыптарымен байланысты қолданылғанын аңғардық. Повесте өсімдіктер мен жан-жануарларға теңеу көп кездескені осыған дәлел.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы. – Т.1, Повестер. – 1993. – 544 б.
2. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978 ж. – 125 б.
3. Қалиұлы Б. «Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін» (Мақалалар жинағы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Персс, 2008. – 968 б.





СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

РАҚЫМБАЙ АЙДАНА (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) ЯЗЫК И МИР	3
ЛУКЬЯНОВА ТАТЬЯНА ВАЛЕРЬЕВНА (МИНСК, БЕЛАРУСЬ) «СМЕЩЕННАЯ» КАРТИНА МИРА В НЕБЫЛИЦАХ	4
НУРТУҒАНОВА ЖАНСАЯ (ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН) ОҚУШЫНЫҢ АҒЫЛШЫНША ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ: ЭССЭ ЖӘНЕ ОҒАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	7
ЗИНЕТОВА САБРИНА (ОРАЛ, ҚАЗАҚСТАН) ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТЫҢДАУҒА ОҚЫТУ ӘРІ МАҚСАТ, ӘРІ ҚҰРАЛ	10
МАМЫРБЕКОВА МАҚПАЛ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ (NUR-SULTAN, KAZAKHSTAN) THE OCCURANCE AND DEVELOPMENT OF NURSING ABROAD	13
СОДИКОВА РУХАНГЕЗ АБДУСАМАДОВНА, АМИНДЖАНОВА РУХШОНА ХАКИМОВНА (ХУДЖАНД, ТАДЖИКИСТАН) ЯЗЫК И СТИЛЬ ИЗЛОЖЕНИЯ В «МИРСАД УЛ-ИБАД» НАДЖМУДДИНА РАЗИ	18
БАЙТУМЕНОВА ГУЛЬНАЗ СЕРИКОВНА (УРАЛЬСК, КАЗАХСТАН) КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОБУЧЕНИЯ В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ	22
КОВАЛЁВА РИММА МОДЕСТОВНА (МИНСК, БЕЛАРУСЬ) КОРПУСКУЛЯРНО- ИМЕННАЯ КАРТИНА МИРА В БЕЛОРУССКИХ ДРАЗНИЛКАХ	25
YESSENOVA ELMIRA MINGAZILOVNA (ALMATY, KAZAKHSTAN) PROS AND CONS OF ONLINE LANGUAGE LEARNING	29
ГНЕЗДИЛОВА ИРИНА ВЛАДИСЛАВОВНА (КАРАГАНДА, КАЗАХСТАН) ТРАГЕДИЯ ХУДОЖНИКА В ОКРУЖАЮЩЕМ МИРЕ (ПО РОМАНУ ДЛОНДОНА «МАРТИН ИДЕН»)	31
МЫРЗАҒАЗЫҚЫЗЫ АНОРА (КӨКШЕТАУ, ҚАЗАҚСТАН) ЖАҢА ФОРМАЦИЯ ПЕДАГОГЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ	34
MUSSANOVA GULNAZ AIDAROVNA (ALMATY, KAZAKHSTAN) THE IMPORTANCE OF TEACHING SPEAKING SKILSS IN LANGUAGE CLASSROOMS	39
ЕЛИСЕЕВА АНАСТАСИЯ ОЛЕГОВНА (ГОМЕЛЬ, БЕЛАРУСЬ) СИНДРОМ ЭМОЦИОНАЛЬНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ У РАБОТНИКОВ IT- СФЕРЫ	42
СЕЙІЛБЕК МЕРЕЙІМ ҚАЙРАТҚЫЗЫ (КОСТАНАЙ, КАЗАХСТАН) НЕПРИЛИЧНАЯ ФОРМА ВЫРАЖЕНИЯ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ ОТСУТСТВИЯ РЕЧЕВОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЁЖИ	46
МИЛЮКОВА ГАЛИНА АНДРЕЕВНА, ЛОКТИОНОВА НАТАЛЬЯ ПЕТРОВНА (КОКШЕТАУ, КАЗАХСТАН) ОСОБЕННОСТИ ИЗОБРАЖЕНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОСТРАНСТВА В РОМАНЕ Г. ЯХИНОЙ «ЗУЛЕЙХА ОТКРЫВАЕТ ГЛАЗА»	51
ЧАЛТИКЕНОВА ЛАЗАТ АЛЯХИМЕТОВНА (ТАЛДЫҚОРҒАН, ҚАЗАҚСТАН) «ДЕРМЕНЕ» ПОВЕСІНДЕ ҰЛТ БЕЙНЕСІН КӨРСЕТЕТІН ТҰРАҚТЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ	55
ОМАСHEVA ЖАНАР МАГАУЯЕВНА, ТУРЫСБЕКОВА АРАЙЛЫМ ЕСЕНГЕЛДИНОВНА, АБДИЕВА АКТӨЛКЫН АГАБЕКОВНА, БАЙЖАНОВА АЙЖАН ЖЕНИСОВНА (КАРАГАНДА, КАЗАХСТАН) ОБУЧЕНИЕ НАУЧНОМУ СТИЛЮ РЕЧИ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ В МЕДИЦИНСКОМ КОЛЛЕДЖЕ.....	59





ӘРІН НҰРЛАН, СЕРІК АҢСАҒАН, МЫРЗАҚҰЛ ӘСЕМ (ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН) ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЛАТЫН ГРАФИКА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	62
ФАЙРУШИНА АРИНА СЕРГЕЕВНА (АРКАЛЫК, КАЗАХСТАН) ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МАТЕРИАЛОВ СМИ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ	66
ИСКАКБАЕВА АЙНУР АЛИБАЕВНА, ЛЮТКОВА НАТАЛЬЯ ГЕННАДЬЕВНА (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) КОНЦЕПТ КАК ОСНОВНОЙ ЭЛЕМЕНТ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА	69
ABDIGANIEV NURMUKHAMMED KABILBEKOVICH, AMETOV SALAMAT ABDULGANIY ULI (NUKUS, UZBEKISTAN) PRECEDENT PHENOMENA OF THE KARAKALPAK CULTURE AS COMPONENTS OF THE LINGUISTIC PICTURE OF THE WORLD	73
ӘБІЛДАЕВА НҰРСҰЛУ СЕЙДІЛДӘҚЫЗЫ, ӘБІЛДАЕВА АЙГҰЛ СЕЙДІЛДӘҚЫЗЫ (ТАРАЗ, ҚАЗАҚСТАН) МӘДЕНИ-ТІЛДІК МАҒЫНАНЫҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ҚАЛЫПТАСУ ФАКТОРЛАРЫ	76
БАЙЖАКСЫНОВА ДИНАРА ДАУЛЕТКАНОВНА (НҰР-СҰЛТАН, ҚАЗАҚСТАН) ШЕТ ТІЛ САБАҚТАРЫНДА WEB 2.0 ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП БЛОГТАР НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ	80
ТУРГУМБЕКОВА БОТАГОЗ НАУШАБАЕВНА (АРКАЛЫК, КАЗАХСТАН) ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНО-РЕЧЕВЫХ УМЕНИЙ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ	83
АЙГЕРИМ ШАМИДИНОВА (АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН) КОНТРАСТИВНЫЙ АНАЛИЗ КОНЦЕПТНОГО РЯДА «ДОБРО – ДОБРОТА» В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ.....	86

